



www.jasqazaq.kz

vk.com.jasqazaq

Jasqazaq

Жас қазақ



JAS QAZAQ

ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ, АҚПАРАТТЫҚ-ТАНЫМДЫҚ, АҚПАРАТТЫҚ-САРАПТАМАЛЫҚ ГАЗЕТ

Газет
2005 жылдың
7 қаңтарынан
шыға бастады
№31
(811)
21 тамыз
2020 жыл

КӨКЕЙКЕСТІ

ОНЛАЙН ОҚУҒА ДАЙЫНБЫЗ БА?

«Бұл ән бұрынғы әннен өзгереді». Шәкәрімнің осы өлеңі биылғы біздің жағдайымызға деп келетіндей. Өйткені 1 қыркүйектен бастап оқушылардың көбі сөмке асынып мектепке бармайды. Тек 1-4 және 11-сыныпта оқитындар ғана партаға отырады. Ал қалғандары үйде, компьютердің алдында немесе ұялы телефон мен планшетке телміріп сабақ оқуға мәжбүр. Сабақ оқиды деген аты ғана. Әйтпесе, уатсаппен берілген білімнің білім болмайтынын көктемдегі карантинде көрген жоқпыз ба? Ама! жоқ, биылғы оқудың сиқы осындай болғалы тұр. Айтпақшы, үкімет көпбалалы және тұрмысы төмен отбасыларға мектептердегі бұрыннан бар 500 мыңдай компьютерді таратып береміз деген. Алғашқы қоңыраудың соғылуына да бір-ақ апта уақыт қалды. Уәде етілген компьютер балалардың қолына тиді ме? Ал үйінде компьютері, планшеті жоқ, тіпті интернетсіз ауылда тұратын оқушы қайтеді? Сондай-ақ Алматы маңындағы ауыл түгілі, тау қойнауындағы Нарынқол, Кеген аудандарында да интернетсіз ауыл көп. Тіпті ұялы телефон байланысының өзі кейбір елді мекендерде өте нашар. Көктемдегі карантин кезінде Шонжы, Жаркент жақтағы студенттер желіні іздеп, тауға шығып кеткен жоқ па? Осы «жоқтардан» білім министрлігінің хабары бар ма екен?

Арқа мен оңтүстіктегі шәкірттердің жаңа оқу жылына дайындығын меншікті тілшілеріміз зерттеп көрді.



Асхат АЙМАҒАМБЕТОВ, білім және ғылым министрі:

«Жаңа оқу жылына дайындық жұмыстары қарқынды жүргізілуде. Елдегі санитарлық жағдайға байланысты 1 қыркүйектен бастап оқу жылы жалпы қашықтан оқу форматында басталады. Қабылданған шешімге сәйкес, бұл жерде екі ерекшелік бар. Біріншіден, шалғайдағы шағын мектептерде эпидемиялық ахуал жақсы болған жағдайда оқуды дәстүрлі түрде бастайды. Екіншіден, бастауыш сынып оқушылары үшін ата-аналардың өтініші негізінде қатаң санитарлық талаптарды сақтай отырып, кезекші сыныптар ашылады. Оған өтініш электронды түрде қабылданады. Сонымен алдын ала болжам бойынша, интернет-платформалары мен интернетті пайдалана отырып, қашықтан оқу форматында 2,6 млн оқушы, кезекші сыныптарда 530 мың бала, штаттық түрде ауылдарда 157 мыңнан астам оқушы білім алады деп күтілуде».

(Тақырыптың жалғасы 3, 5-беттерде)

ШАРУА

Кеңес өкіметі шалқасынан түсіп, шашылып қаларының алдында «Қазақстан» кеңшарының бір отар ісегін бағып жүрген Есенбай омырауына жарқыратып медаль таққан. Әлі бар. Аздап тозған. Жазуы ескірген. Енді қайтсін, көрші-қолаң құдалыққа тағы барып, майлы қолдарымен ұстап, құда-құдағимен төс қағыстырып жүргенде көнерген-дағы.

ҚОЖЫРАҒАН ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ



О, ол заманда Есенбайдың түкірігі жерге түспей-тұғын. Рас, шопанның көмекшісі болып бастады. Көмекші дегенің аты ғана, әйтпесе, қойды бағатын Есенбай. Төл-төгіні кезінде тұяғын сыпырып, аузынан үріп қозының саңғырағынан құтыла алмаушы еді. Ал аға шопан ет жеп, картаға козы тігіп, серілік құрып кететін. Дәл кеңес өкіметі тарар алдында жеке отарға ие болды. Бір ғажабы, Есенбай құлды бір киік бағып жүргендей қойшы деген атауды ұнатпайтын.

(Жалғасы 4-бетте)

ТҮЙТКІЛ

ШЫҒЫНҒА БАТҚАН ШАРУАЛАР



Юлия Барсукова, шаруа: «Не істерімізді білмей қалдық. Жәрмеңкеде сатамыз деп баққан малымызға беретін жем-шөп те қалмады. Негізгі табыс көзіміз – осы кәсіп. Ауыл шаруашылығы несиесін де алып тастадық. Оған құрылыс бастағанбыз. Қазір несиені төлейтін ақшамыз жоқ. Содан банктың қара тізіміне

кіргізіп жіберді. Бізге әр күн қымбат. Ең болмаса, осы демалыста жәрмеңке жанданса, дұрыс болар еді. Ештен кеш жақсы деген бар».

(Бұл туралы 5-беттен оқыңыз)

ЖЕДЕЛ СҰХБАТ

Он күннен кейін күзгі оқу маусымы басталады. Індетке байланысты мектептер мен жоғары оқу орындарының бәрі дерлік қашықтан білім алады. Бірақ онлайн білім барлық оқушыға қолжетімді ме? Интернеті жоқ, тіпті ұялы телефон ұстамайтын ауыл-елді мекен қаншама? Білім саласындағы осындай түйткілдерді ел аралап, халықтың жағдайын көзбен көріп жүрген депутаттан сұрап көрген едік.



Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, Сенат депутаты:

МЕКТЕПКЕ БАРЫП ОҚЫҒАНҒА ЖЕТПЕЙДІ

Jas qazaq: Күзгі оқу маусымына дайындығымыз аландатып отыр. Өзіңіз өңірлерді аралап шықтыңыз ғой. Жағдай қалай екен?

М.Бақтиярұлы: Бір айдың көлемінде мен Қызылорда облысын түгел аралап шықтым. Отыз шақты мектепте болдым. Сәуір, маусым айларында, яғни төртінші тоқсанда қашықтан оқытты ғой. Көптеген мұғалімдер «Сол кездің өзінде оқушыларды дұрыс оқыта алмадық. Өйткені ауыл түгілі, аудан орталықтарының өзінде интернет жүйесі дұрыс жұмыс істемейді» деді.

Қазір ауыл, аудан басшылары мектептерде жөндеу жүргізілгенін, ол жағынан барлық білім ошақтары дайын екенін айтып отыр. Мен аралап шыққан отыз шақты мектептің бәрі жөндеуден өтіпті. Оқулық мәселесінде де үлкен түйткіл жоқ сияқты. Алайда бұл жердегі түйін басқада. 1-сынып пен 4-сынып қана мектептен білім алады делі ғой. Менінше, ауылды жердегі бір ауысымды мектепте балаларды интернетке телміртіп, компьютерге шұқшитып коюдың түкке қажеті жоқ еді. Қызылорда облысындағы отызға жуық ауылда интернет мүлде жоқ.

Jas qazaq: «Көпбалалы және тұрмысы төмен отбасылар компьютермен қамтамасыз етіледі» деп еді. Алайда үш-төрт бала оқитын бір үйге жалғыз компьютер жете ме?

М.Бақтиярұлы: Иә, 500 мың компьютер ме, планшет пе алып береміз деп айтылған болатын. Дұрыс, алып берсін. Бірақ оңтүстік аймақтарда бір үйде төрт-бес баладан мектепке баратын отбасылар бар. Олардың әрқайсысына бір-бір планшет, не ноутбук бере ала ма? Жок. Ондай мүмкіндік жоқ бізде. Оның үстіне, интернеті жоқ ауылда планшеттің не керегі бар? Планшет алып берсе, мәселе шешіледі деген сөз емес қой. «Отчет» үшін, жоғары жаққа есеп беру үшін өтірік жұмыс істеудің керегі шамалы.

Ал телеарна арқылы сабақ өту деген әдіс жоқтан гөрі жақсы. Бірақ оның да тиімділігі онша емес. Өткенде амалдың жоктығынан сондай қадамға барды.

Көрші елдердің тәжірибесіне қарау керек. Мысалы, Байқоңырда 12 мектеп бар. Оның жетеуі Ресейдің меншігінде, бесеуі өзіміздікі. Бір қаладағы білім ошақтары екі елге қарайды. Ресей меншігіндегі мектептер дәстүрлі оқуды тандап отыр. Менінше, бұл ойланатын мәселе сияқты.

Jas qazaq: Интернет түгілі, жолы жоқ, ұялы байланысы нашар елді мекендер Алматы сияқты алып шаһардан елу шақырым ұзап шықсаңыз, алдыңыздан табыла кетеді. Сонда интернетпен қамтылғанымыз қайда: сөз жүзінде ғана ма?

М.Бақтиярұлы: Өкінішке қарай, солай болып тұр. Министр «Күзгі оқу маусымына дайынбыз» дегенімен, еліміз бойынша жалпы 3 мыңдай ауыл, үш миллионға жуық оқушы бар. Оның бәрін министр бақылап отырған жоқ. Ол жергілікті әкімдер мен жергілікті білім басқармаларының берген есебіне сүйенеді. «Бәрі дайын» деген сөзді алдымен білім министріне жергілікті жердегі басшылар жеткізеді. Алайда ауыл, аудандардағы мектептердің жөндеу жұмысы, оқулықпен қамтамасыз ету жағы дайын болғанымен, қашықтан оқытуда интернеттің жоктығына байланысты дайындық кемшін түсіп отыр.

Jas qazaq: Мұрат мырза, Алматының іргесінде Тұздыбастау деген ауыл бар. Қаладан 9-10 шақырым жерде. Ауылдың тең жартысында интернет жоқ. Жергілікті тұрғындар «Қазақтелекомға» қаншама хат жазды, телеарналарды шақырды. Бірақ ешкім пысырмаған көрінеді. Интернет желісін жүргізуге бірнеше миллион тенге сұрапты. Бұл қалай? «Қазақтелеком» мемлекеттік мекеме емес пе?

М.Бақтиярұлы: «Қазақтелеком» монополияға айналып алды. Олар 90-жылдардың аяғы мен 2000 жылдардың басында ауылдар мен елді мекендерге телефон желісін тартқанда, өте ескірген, көптеген мемлекеттерде қолданыстан шығып қалған желіні салып жіберді. Оған миллиардтаған ақша кетті. Сол кемшілігін «Қазақтелеком» қалпына келтіреміз деп жатыр. Оған қаржы да бөлінді. Бұл бөлек әңгіме.

Монополист мекеме болғандықтан, қазір олар бөлінген қаржыны игере алмай отыр. Кезінде депутаттық сауал жолдап, мекемені сынға алған болатынымын. Бұл жерде монополист болмау керек. Бәсеке керек. Бүкіл әлем дамып жатыр ғой. Цифрлық жүйе, ғаламтор жүйесі даму керек деп жатырмыз. Ендеше, бәсеке болу керек.

(Жалғасы 3-бетте)



БИРЖАМЕТР

МҰНАЙ (brent)
44,91

DOLLAR
418,06

EURO
499

РУБЛЬ
5,70

БИЛІК

Жең ұшынан жалғасқан сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, парақорлықтан арылу – мемлекеттің де, қоғамның да көкейкесті міндеті. Бұлай деуге өзекке түскен жегі құрт секілді жан-жақты жайлаған қауіпті құбылысқа қатысты деректің көбеймесе, азаймауы негіз боп тұр. Бұл жетіде Президент өткізген кеңесте жемқорлыққа қарсы күрес жайы талқыланды.

Бірқатар мекемелердің жетекшілері қатысқан жиында осы мәселе төнірегіндегі ахуал мен алда тұрған міндет сөз болды. Ақорда.kz хабарлағандай, Қазақстан Президенті кеңесте сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес еліміздің стратегиялық дамуының негізгі басымдықтарының бірі екенін атап өтті. Бұл бағытта бірқатар маңызды қадам жасалды. Атап айтқанда, Қазақстан халықаралық ГРЕКО ұйымына мүше болды. Қарамағындағы қызметкердің сыбайлас жемқорлыққа қатысы анықталған жағдайда оның басшысының қызметінен босатылуы заңмен бекітілді. Сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін заңнамамен сараптауға ерекше мән беріле басталды.

Мемлекет басшысы елдегі келеңсіз құбылысқа қатысты деректерге тоқтала келе былай деді: «Өткен жылмен

мекемеде енді мұндай жағдайдың қайталанбайтынын дәлелдейтін түбегейлі өзгерістердің болатынына көзі жетуі тиіс. Әзірге мен мұндай кешенді және түбегейлі жұмысты көріп отырған жоқпын. Шенеуніктер шенбер жасап, бірінен кейін бірі ауысып жатыр. Ал қатпар-қатпар түйіндер сол шешілмеген күйі тұр», – деді.



ЖЕМҚОРЛЫҚТЫ ЖОЙМАЙ, ІС ОҢҒА БАСПАЙДЫ

салыстырғанда жемқорлық әрекеттері үшін жауапқа тартылғандар саны 11 пайызға көбейіп, 820-дан 912-ге дейін өскен. Transparency International ұйымының 2019 жылы өткізген сауалнамасының қорытындысы бойынша, азаматтардың 28,7 пайызы мемлекеттік ауруханалар мен емханаларды сыбайлас жемқорлықтың ордасы деп атаған. Бұл басқа мемлекеттік мекемелермен салыстырғанда әлдеқайда жоғары. Мәселен, полиция – 11,3%, жер қатынастары басқармасы – 7%, мемлекеттік балабақшалар – 6,9%. Өз денсаулығына алаңдап ауруханаға барған адамдардың қажетті медициналық көмек алу үшін кімге қанша ақша берем деп уайымдауына жол беруге болмайды».

Қасым-Жомарт Тоқаев азаматтардың табысы азайып, экономиканы қолдауға бағытталған қаржыны жымқыру әрекеті көбейген пандемия кезінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейту қажеттігін атап өтті. Президент осыған орай, «Сыбайлас жемқорлықтың себебі мен шарттарын жоймай, онымен күресу – жел диірменмен алысқанмен бірдей. Тұрғындар әлдебір шенеуніктің немесе басшының жай жауапкершілікке тартылғанын көріп қана қоймай, ол жұмыс істеген мемлекеттік

Мемлекет басшысы медицина жүйесіндегі жемқорлықты тексеру және оны өшкерелеу пандемия шарықтау шегіне жетіп, дәрі-дәрмек жетпей жатқан кезде ғана басталғанын атап өтті. Цифрландыру жүйесіндегі заң бұзушылық ондаған миллиард ақша шығындалғаннан кейін барып қозғалған. Бүгінде білім, жұмыспен қамту және әлеуметтік нысандарға қыруар қаржы бөлініп жатыр. Қ. Тоқаев бұл ретте «Бір жылдан кейін осы салаларға бөлінген қаржы жымқырылды. Ал жауапты министрліктер көш соңында қалды» деп айтпайтынымызға бек сенімді болуымыз керек. Миллиардтаған қаржы құрлымға кеткен соң халыққа кінәлі адамдардың ұсталғаны туралы әдемі есеп берудің түкке де керегі жоқ. Бұл бағыттағы жұмысты түбірімен қайта құру керек деп санаймын» деді.

Президент сыбайлас жемқорлықпен күрес қызметінің барлық бағыттағы жұмыстарына жаңа серпін беру керек деп санайды. Сыбайлас жемқорлықпен күрестегі әрекетсіздік халықтың наразылығын тудырып, құқықтық ниглизмге әкеп соғады. Дегенмен жемқорлыққа қарсы белсенді күрестің соны ғылымшылдыққа ұласып кетпеуі керек. Сонымен қатар бұл

сыбайлас жемқорлықты айтып шағымданады. Жемқорлық азаматтарымыздың бойына сініп, тіпті қоғамдағы үйреншікті құбылысқа айналып кетуі мүмкін. Басты мәселе – осы. Ал кәсіпкерлер жер комитеті, өртке қарсы қызмет, салық және кеден органдарын жемқорлық жайлаған деп есептейді. Жолдың сапасына байланысты да жұртшылық қатты алаңдаулы. Сондай-ақ Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл комиссиясы маған су шаруашылығында айтарлықтай түйткілдер бар екенін хабарлады. Міне, осы мәселелер бойынша қоғамдық бақылау тетігі жұмыс жасауға тиіс. Бұл шараға үкіметтік емес ұйымдарды тартқан жөн. Оларды нормативтік-құқықтық актілерді сараптау ісіне қатыстыру керек», – деп осы мәселеге қатысты пікірін түйіндеді.

Президент Кеңесті қорытындылай келе, ел қауіпсіздігі мен халықтың амандығы сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес бойынша жүйелі әрі табанды шараларды іске асыруға байланысты екенін атап өтті. Президент Үкіметке Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес іс-қимыл агенттігінің ұсыныстарын толық пысықтауға бір ай уақыт берді.

Талан ТІЛЕГЕН

Сөз-Жебе

Ирина СМЕРНОВА,
Мәжіліс депутаты:

«Мектеп жоқ, сондықтан балалардың баратын жері де жоқ. Демек қызметтің жаңа түрі *(жекеменшік білім беру мекемелері – ред.)* пайда болады. Қызметтің мұндай түрі қазірдің өзінде ұсынылып жатыр. Біз олардың кім екенін, қандай жағдайда жұмыс істейтінін білмейміз. Санитарлық нормалар сақтала ма? Ол жағы бізге беймәлім. Бәлкім, бір пәтерге 30 баланы жинайды. Олардан бюджетке салық та түспейді. Бұл – ақылы қызмет түрі. Мектеп алмаған балаларды осылар алады. Бұл мүлдем басқа бизнес, яғни астыртын бизнес».



Аптаның айтары

Есет ӘЗІМОВ,
Ақтөбе қаласы Алматы ауданы прокуратурасының бөлім прокуроры:

«Психикалық есепте тұрған адамдардың тізімін алдық та, салыстырып қарадық. Жүргізуші куәлігін алған 320 адамның психикалық есепте тұрғаны анықталды».



Айжан ЕСМАҒАМБЕТОВА,
бас санитар дәрігер:

«Қоғамдық тамақтану орындарындағы тұтынушыларға қызмет көрсететін қызметкерлер қорғаныш құрадары-мен толық қамтылуы керек. Бет пердесі, медициналық қолғабы мен қорғаныш өйнегісіз жұмыс істеуіне рұқсат жоқ».



Гүлнәр ҚАТИБАЕВА,
рестораторлар клубының жетекшісі:

«Оңда жұмыстың аяғына таман даяшы ауа жетпей алқынып қалуы мүмкін. Бетперде мен қорғаныш қалқанын тапқанда тыныс алу мүмкін емес. Егер даяшы ыстық шөй немесе сорпа әкеле жатқанда қорғаныш қалқаны буланып тұтынушының үстіне төгіп алса, не болады? Логика қайда?».

Инфографика



БАЛА ТУУ КӨРСЕТКІШІ БОЙЫНША КӨШ БАСТАҒАҢДАР

ҚАҢТАР-МАУСЫМ	2019	2020
<i>Түркістан облысы</i>	26161	27512
<i>Алматы облысы</i>	24434	25361
<i>Алматы</i>	16547	16575
<i>Нұр-Сұлтан</i>	14237	14123
<i>Шымкент</i>	13018	13718
<i>Солтүстік Қазақстан облысы</i>	3323	3294
Барлығы	193412	197265

Дереккөзі: Статистика комитеті

АРҚАДА

БҮГІНГІ КҮЙ – ИНТЕРНЕТСІЗ ҮЙ

Ауылдағы Жанкелдінің жеті баласы өткен оқу жылын қырғын төбелеспен аяқтады. Енді қайтсін, сығырайған жалғыз компьютердің жалына жармасады да. Жарты сағат істесе, жарты күн демігіп тұратын жалғыз компьютер қайсысына жетсін. Бір-біріне тете-лес өскен жеті бала жер шарының жарысына қатысып жатқандай жұдырыктасады-ай келіп. Қай жеңгені компьютерге ие. Төменгі сыныпта окитын Әділдің мұрны төртінші тоқсан біткенше

Көкейкесті*(Жалғасы.
Басы 1-бетте)*

ОҢТҮСТІКТЕ

ҚОРАНЫҢ ҮСТІНДЕ ОҚИ МА, ҚАЙТЕДІ?!

Өткен оқу жылының 4-тоқсанында қашықтан оқудың үшін қаншалықты қиын екенін алты жасар баладан алпыстағы қарияға дейін сезініп үлгерді. Өйткені қашықтан оқу — ең алдымен, техника мен технологияға тәуелді.

Көктемде карантин кезіндегі қиыншылықтың алдын алу үшін ұстаздардың материалдық-техникалық базасы күшейтіліп, білім ордаларын интернетпен қамтамасыз етуге басымдық

**Жедел сұхбат***(Басы 1-бетте)*

Шетелде интернетпен айналысатын компаниялар көп. Бізде жалғыз

«Қазақтелеком». Олар келесі жылдың аяғына дейін барлық елді мекендерді интернетпен қамтамасыз етеміз деп, Президентке де уәде берген. Кім білсін? Жасыратыны жоқ, Қазақстанның ауыл, аудандық жерлердегі интернет байланысы өте нашар. Кейбір басшылар «Әлем бойынша интернетпен қамтамасыз етуде алдыңғы орынға шықтық» деп өтірік есеп беріп жатады. Бұл енді күлкілі. Себебі біздің интернет жүйеміз әлемдік талаптарға сай келмейді.

Жас qazaq: Балаларыңыз, немерелеріңіз бар ғой, онлайн оқу қиын болған жоқ па?

М.Бақтиярұлы: Дәстүрлі оқуға жетпейді ғой. Бала танертен ерте тұрып, сөмкесін асынып, мектепке барып, таңғы таза ауада, сергек көңіл-күймен білім алғанға не жетсін? Ал үйде қамалып, планшетке шұқшыып отырып алған білімнің қаншалық пайдасы барын білмеймін. Мұндай карантин жағдайында біз басқа елдердің тәжірибесіне қарауымыз керек дедім. Мысалы, Еуропаның көптеген елдерінде барлық санитарлық талапты сақтап, баланы мектепке бергелі жатыр. Мұғалімдері он күн сайын медициналық тексеруден өтіп тұрады. Медицина мамандарының айтуынша, он жасқа дейінгі балаларда коронавируспен ауыру көрсеткіші 0,02 пайыз дейді. Өйткені баланың

Мұрат БАҚТИЯРҰЛЫ, Сенат депутаты:

МЕКТЕПКЕ БАРЫП ОҚЫҒАНҒА ЖЕТПЕЙДІ

ауруға қарсылық қуаты күшті. Осыларды ескеріп, санитарлық талапты сақтай отырып, баланы мектепке жіберіп оқытқанға ешнәрсе жетпейді.

Елімізде 14 облыс, бірнеше қала бар. Бәріндегі эпидихуал бірдей емес. Бір өңірде ауру асқынып тұр, енді бір облыста көрсеткіш төмен дегендей. Сондықтан, бұл мәселеде таңдауды жергілікті билікке беріп, тиісті шешімді солар қабылдауы керек еді. Олай болмай тұр.

Жас qazaq: Сапасыз оқулық, оқулықтың жетіспеушілігі туралы көп айтылады. Бұл мәселе қашан шешіледі? Сіз де оқулықтың сапасы жөнінде депутаттық сауал жолдаған едіңіз.

М.Бақтиярұлы: Оқулық бизнеске айналып кетті. Депутаттық сауалымда айтқанмын, оқулықты белгілі бір мемлекеттік мекеме шығару керек. Ал біз олай жасаған жоқпыз. Көкпар тартқандай, бәсекеге салдық та жібердік. Әр баспа өздері автор тауып оқулық жаздырады, өздері дизайнер тауып жасатады, өздері басып шығарады. Нарық заманында бұл бұлайша қарағанда дұрыс сияқты көрінеді. Бірақ олай болмау керек. Оқулықты әр педагог өзіңше жазып, әр баспа өзінше шығарса, білім ала-құла, оқушы да бірдей білім алмайды. Сондықтан, мемлекет мұндай ала-құлалыққа жол бермеу керек. Оқулық бір орталықта жазылып, бір ғана баспадан шығуы керек. Ол мемлекеттік болуы шарт. Жекеменшік деген білім саласына жарамайды.

Кенес үкіметі кезінде «Мектеп» баспасы деген болды. Ыбырай Алтынсарин атындағы ғылыми-зерттеу институты бар еді. Сол орталықта мықты-мықты педагог мамандар жұмыс істейтін. Оқулықтың



концепциясын солар жасайтын. Бір оқулық 10 жылға дейін жететін. Ал біз жыл сайын жана оқулық жаздырамыз. Мемлекеттен миллиардтаған ақша алады. Жекеменшік баспаға баланың тағдырын сеніп тапсыруға болмайды. Бала - осы елдің, осы мемлекеттің болашағы. Оқулық, бірінші кезекте білім, одан кейін тәрбие, сосын идеология. Сондықтан оны мемлекет өзі қолына алып, бір орталықтан шығармаса болмас. Ол орталықта ең білімді педагог, білікті ғалым, мықты редактор, шебер дизайнер жұмыс істеуі керек. Жоғары жалақы төленуі керек.

Жас qazaq: Үш ауысымды мектептердің санын азайту үшін жыл сайын жана мектептер салынатын. Биылғы індет кезінде, бұл шаруа тұралап қалған жоқ па?

М.Бақтиярұлы: Жоқ, тоқтаған жоқ. Өйткені облыстық, республикалық бюджеттен қаржы былтыр қазан, қараша айларында бөлінген. Құрылыс жүріп жатыр. Алайда үш ауысымды мектеп мәселесі Түркістан облысы, Нұр-Сұлтан мен Алматы қалаларында әлі де бар. Себебі мұнда халықтың туу көрсеткіші жоғары, көші-қон көп. Сондықтан бұл қалаларда екі немесе үш ауысымды мектеп мәселесін шешуде біраз қиындықтар болып жатқаны рас. Бұл арада мен бір нәрсені айта кетейін. Мемлекеттік-жекеменшік серіктестік негізінде мектеп салуға үкімет кәсіпкерлерді тарту керек еді. Әлі де кеш емес. Бірақ бұл бағытта жұмыс жүріп жатқан жоқ. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік деген не? Мысалы, кәсіпкерге мемлекет тегін жер береді. Кәсіпкер оған мектеп салады. Мемлекет суын, жарығын, басқа да инфрақұрылымын жүргізіп береді. Мектеп кәсіпкердікі. Ал үкімет бала санына қарай ақша бөліп отырады. Сөйтіп бірнеше жылда кәсіпкердің құрылысқа шығарған ақшасы қайтады. Осы жоба Алматы, Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларында тең жүргізілуі керек еді. Тұрақтылық болмаған соң, кәсіпкерлер ақшамызды қайтарып ала аламыз ба, әлде тақырға отырып қаламыз ба деп қорқып, бұл жобаға араласпай отыр.

Менінше, мектеп салудың бірден-бір жолы осы. Мемлекет жалғыз өзі бұл түйінді жакын жылдары шеше алмайды. Қайбір жылдары «Балапан» бағдарламасы бойынша кәсіпкерлер балабақша салды ғой. Бұл да сондай дүние.

Жас qazaq: Мазмұнды әңгіменіз үшін рахмет!

Жарас КЕМЕЛЖАН

қызарып жүрді. Қызарғаны ештеңе емес-ау, сабақ айдалада қалған. Биыл да жарақаты жазыла қоймас. Өйткені Ақмола облысында 481 елді мекенде ғана ғаламтор қолжетімді. Бұл барлық ауылдың 81,5 пайызы.

Ал 109 елді мекенде интернет жоқ. «Қазақтелеком» акционерлік қоғамына 36 ауылдық елді мекен бекітілген. Қазіргі таңда олардың 16-ы ғана талшық-оптикалық желілік жүйеге қосылды. «Транстелеком» акционерлік қоғамына 12 ауылдық елді мекен бекітілген болатын. Бұл бағыттағы жұмыс та ақсап тұр.

Бүгінгі таңда 250 адамнан асатын 350 ауылдық елді мекеннің 274-і ғана кенжолакты интернетке қосылған. Сондай-ақ, 250-ден астам тұрғыны бар ауылдық жерде мобильді интернетке сапалы қол жетімділікті қамтамасыз ету мақсатында 2020 жылға арналған жоспар бекітілгенімен, үйдегі ойды нарықтағы жағдай бұзып тұр.

Облыстық білім басқармасы басшыларының айтуларына қарағанда, 43 елді мекен интернетсіз отыр. Бұл жерлердегі білім

берілсе дейміз. Көп өңірде ғаламтор желісінің нашар болғандығынан оқу процесінде бірқатар ақау болды. Мұғалім де, ата-ана да аландаулы. Сөзіміз дәйексіз болмас үшін Түркістан облысы Келес ауданындағы бірнеше ауылдарды мысалға келтірейік. Тек кейіпкерлеріміз аты-жөнін өзгертіп беруімізді өтінді. Келес ауданы Бірлесу ауылдық округіне қарасты 28-гвардияшылар ауылында тұратын Әсия Сықымбаева «Теледидар мен ватсап арқылы білім алдық. Бұл бізге не береді? Сауатсыздық пен көшіру ғана. Ауылды айтпағанда, қаланың өзінде интернетті еркін пайдалану өте қиын!» дейді.

Бұл ауыл Өзбекстаннан үш-ақ шақырым жерде орналасқан. Көгілдір экран таңнан кешке дейін тек өзбек арналарын көрсетеді. Интернетке кіру мүмкіндігі жоқ десе де болады. Жаңалықтан мақұрым қалған ауыл дерсіз. Ондағы №34 Ахмет Байтұрсынов атындағы орта мектептің жана оқу жылына дайындығын елестетудің өзі ауыр.

«Үйде 4 балам мектепке барады. Ендігі мәселе — 4 баланың әрқайсысында негізгі 5 пәннен оқытылады.

Соларға ватсапта жеке-жеке 20 топ ашуым керек. Оған қоса, өзім сабақ беретін 6-сыныбым бар. Бәрімізге 1 телефон. Интернет қостырғанмен, жылдамдығына қарның ашады. «Жүктеліп жатыр» деп «катады» да тұрады. Ал бұл жүйкені әбден жұқартып бітті», — дейді ата-ана.

Төртінші тоқсанда сабақты қыр мен қораның үстінде оқыған ауылдардың қатарында №35 Алма Оразбаева атындағы жалпы орта мектебі де бар. Ауылда ғаламтор желісі ұстамайды.

Қазақстан ауылының тұрғыны Еңлік Ермекбаева: «Дұрыс екен онлайн оқытатын болғаны. Бірақ бір түсінбегенім, көпбалалы ата-аналар бірнеше баласы бір уақытта онлайн сабаққа қатысу үшін 3-4 ноутбукты қайдан алады? Оған қоса, ата-анасының бірі мұғалім болса, сонда олар 4-5 компьютер сатып алуы керек пе? Әзірге мектептен ешқандай техника берілмеді», — деп ашынады. Осы ауылда №33 Жуантөбе атындағы жалпы орта мектебі бар. Бұл жерде де ғаламтор желісі ұстамайды. Байланыс операторларынан тек Beeline мен Active қана 2G деңгейінде ғана ұстайды екен. «Елімізде 5 G-дің ауылы алыс емес» деп отырғанымызда, 2 G интернеті бар ауылдардың жағдайы шынында мүшкіл екенін бағамдай беріңіз...

Жүзімдік ауылы мен Сарыағаш ауданы, Сарқырама елді мекенінде де жағдай мәз емес. Қай жерден антенна шығады деп тау мен тасты, қора-қопсыны жағалап жүрген ауыл тұрғындары.

Цифрландырудың нақ осы күнде әлемдік тенденцияға айналғаны шындық. Уақыт өте келе онлайн оқуды да менгеріп алармыз. Алайда Түркістан облысындағы кейбір интернеттің иісі бармайтын ауылдар сабақты қайтіп оқиды екен?!



Жеңіс СӘМБЕТОВ, ауыл тұрғыны:

«Алматының іргесіндегі Тұздыбастау деген ауылдың тұрғынымын. Бір балам студент, екіншісі мектепте оқиды. Ауылдың тең жартысында интернет жоқ. Ұялы байланыстың өзі нашар. «Интернет қосайық» деп ала жаздай шапқыладдық. «Қазақтелекомға» барсаң, жүре тыңдайды. Жиырмадай отбасы тұратын бір ғана «Қазақстан» көшесіне интернет желісін тартуға 7 млн теңге сұрады. Ондай көшеден ауылда 20-30 көше бар. Әкімге де, «Қазақтелекомға» да хат жаздық. Нәтиже жоқ. Ғаламтор болмаса, балаларымызды қалай онлайн оқытамыз? Көршілеріміз балаларын онлайн оқытудан бас тартып отыр».

ошақтары қалыпты жұмыс істейді. Демек, Жанкелдінің жеті баласы биылғы оқу жылында тағы жұдырыктасып шықпақ. Енді қайтсін, бас жарылмай білім қона ма?!

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

Мәриям АЙТБАЙ,
Түркістан облысы



Шаруа

(Басы 1-бетте)

«Қойшы дейтін ол байлардың заманында болған, біз кенес өкіметінің адал азаматтарының аузынан ақ май ағызып отырған шопанбыз» дейтін. Сол аға шопандық міндетті бір-ақ жыл атқарды. Кенес өкіметі келмеске кеткен кезде, «Қазақстан» совхозының 45 мың қойы бірге кетті.

Несін айтасыз, абыройы енді-енді көтеріліп келе жатыр еді. Совхоз басшылары да санасатын. Енді ше, Есенбай анау-мынау емес, аға шопан емес пе? Кубқаға қой түсіргенде семіз тоқтыны екеулеп сойып, ақсақалдардың батасын алатын. Біздің бүгінгі оқырман кубканың не екенін біле бермес. Кубканың не екенін таратып айтайық. Жазда қой жарықтыққа кім үйір? Бригадир, веттехник, сонан соң құрт-құмырска. Кубка каролин дәрісі араластырылған су. Бетондалған жырақаға қойларды бір-бірден түсірсе, үсті-басы каролин дәрісі саситын. Қойға кемінде алты айға дейін бригадир де, құрт-құмырска да жолай алмайды. У-дәрінің сасық иісі қой етінен тарағанша осыншама уақыт өтеді. Түсіру де оңай емес, сасық жырақаға мұрнына иіс бармайды дейтін қойдың өзі түскісі келмейді. Ауылдың тәмам баласы, жігіт-желеңі жиналып көмектеседі.

Сол жылы оларға еңбекақы төленбай қалды. Есенбай совхоз директорына өтініш жазған. Ол кезде өтініштің бәрі орыс тілінде жазылады. Амал жоқ Есенбай былай деп жазды. «На кубку ягнят гнали ребяг, дайте зарплат». Директор күліпті де, қол қойып бере салыпты. Ол да бір заман екен. Қазір кубка қайда, қой қайда, ешкім біліп болмайды.

Совхоз тарағанда, әлденеше жылғы еңбегіне жетім қалған жеті тоқты бұйырған. Кейін төртеуі жоғалды. Оны іздейтін Есенбай ма, мал болған соң шығын болады ғой дескен де қойған. Қалған үшеуі қой болды. Бірақ соңынан қозы ермеді. Алпыс үйлі ауылда қошқар жоқ. Айтпақшы, көрші Жәдігер ағасы әлдеқайдан асыл тұқымды қошқар әкеліпті. Сұрап көрген, үш қойының «махаббат маусымын» өткізгені үшін басына 2 мың теңге ақша сұрайды. Есенбай шошып кеткен, мұндайды кім көріпті.

— Жок, — деген Жәдігер ағасы. — Мен қошқарды жемдеймін, суарамын, жоғалса, іздейсін. Енді келіп сенің қойларыңмен тегін махаббат құра алмайды ғой.

Сол сәтте Есенбай көптен бері босағада керексіз болып қалған, баяғы қой бакканда ұстайтын ақ тұяғын домбыра тәрізді сабалап өлең шығарған:

Шағын бизнес

Түркістан облысының Бәйдібек ауданында тұратын

кәсіпкер Назерке Әскер түрлі-түсті құрт жасаумен айналысады. Оған түс беру үшін тағамдық бояғыш қоспайды. Мәселен, ашық қызғылт түс беру үшін қызылша шырынын, қызғылт сары түске сәбіз шырынын қосады. Құрттың құрамында асжапырақ, райхангүл, жалбыз, көптірілген жеміс, лимон, көкнәр, кокос жаңқасы, тіпті карри дәмдеуіші мен қызыл бұрыш та бар.

«Нұр-Дәм» жеке кәсіпкерлігі шығаратын өнімнің дәмін тату үшін Жамбыл ауылына біз де жол тарттық. Шағын цехта көзі күлімдеген ай жүзді ару күтіп алды. Назерке бірден үстел басына шақырды. Онда тау-тау боп үйілген түрлі-түсті құрт. Әрқайсысы әдемі қорапшаға және пластик контейнерге салынған. Күлгін түсті құртқа қалай кол созғанымды өзім де байқамай қалдым. Қара өрік, мейіз, жаңғақ пен жержаңғақ қосылған құрт екен. Дәмі өзгешелеу болса да, тіл үйіреді. Кокос жаңқасы қосылған құрт та ұнады. Бір қарағанда, белгілі көмпитке ұқсайды.

Ауылда өскен Назерке бала кезінен құрт жасауды үйренген. Әжесінің сүзбе сықпаны алақанымен домалақтауды үйретіп отырып, «Ағарған ішкен азбайды» дейтін сөзі жадында жатталып қалыпты.

Алғашқы түрлі-түсті құртты Назеркенің анасы жасап көрген. Ол кісі ауылдағы мектепте еңбек және технология пәнінен сабақ береді. Сүзбеге қызылша шырынын қосқанда, ашық қызғылт құрт шығыпты. Сол жылы Наурыз мерекесіне орай ұйымдастырылған жәрменкеге жиналғандар қызғылт құрттың дәмін татып, таң-тамаша болыпты.

Одан кейін бұл идеяны Назеркенің сіңлісі Акерке жандандырмақ болады. Семей университетінің студенті, болашақ технолог өзінің ғылыми жобасын осы түрлі-түсті құрт тақырыбында қорғап шығады. Оқытушыларының текешілігімен бойжеткен дайындаған өнімінің химиялық құрамын анықтап, аталған құрттың адам ағзасына пайдалы тұсы көп екенін дәлелдейді. Сөйтіп Акерке республикалық ғылыми жоба байқауында жүлделі орынды жеңіп алған.

Ал жобаның патентін Назерке алады. Әбден жетілдірілген құрттарға авторлық құқықты

Жаратқан жақсылығын бір бермекші, Жасы жетіп оны енді кім көрмекші? Жәдігер ағам еңбек етіп шаршаған ғой, Қошқардың шыбығымен күн көрмекші.

Қошқар демекші, бұл мәселе қазір Есенбайдың ауылын ғана емес, тұтас облысты зар қылып тұр екен. Ол туралы кейін... Әзірге қой шаруашылығындағы киноы қашқан сәтті екішеп көрелікші.

Жұмыр жердің бетін жаман тұмау жайлағалы әлемнің әр қырында азық-түлікке аландаушылық пайда бола басталды. Дастарханды толтыратын адал астың бірі — қой еті. Бірақ, өкінішке қарай, бұл саланы дамыту назарға алынбай жүр. Өңірде 600 мыңға таяу қой бар. Екі пайызы ғана асыл тұқымды. Қой етін өңдейтін кәсіпорын жоқтың қасы. Жүні мен терісі өңделмей, рәсуа болып жатыр.

Бағымдағы малдың 62 мыңға жуығы жауапкершілігі шектеулі серіктестіктердің, 107 мыны шаруа қожалықтарының еншісінде. Қалғанын малсақ қауым, жеке шаруа бағып отыр. Ақмола облысында бірде-бір бірыңғай


ҚОЖЫРАҒАН ҚОЙ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

қой шаруашылығымен айналысатын ірі шаруашылық жоқ. Қой еті өтімді болса да «ұсақ мал бағып, пайда табайықшы, өрісті қойға толтырайықшы» деп ұмтылып отырғандар байқалмайды. Оның бірінші себебі, жоғарыда айтып өткен қой етін өңдейтін кәсіпорынның жоқтығы. Жалғыз кәсіпорын Корғалжын ауданына қарасты Сабынды елді мекенінде ғана. Демек жүздеп, мыңдап қой өсірген серіктестік қой етін ұқсата алмайды. Союының өзі сойылдай мәселе. Егер жүздеп, мыңдап қой бакса, қайда өткізер еді?! Бір-бірден сатып қай уақытта нәпака таппақ? Тұсау болып отырған тұсы осы.

Ірі шаруашылықтар мал бағып жатыр деген аты үшін ғана азын-аулақ қой ұстап отыр. «Жайылым туралы» заң талаптарын бұзбау үшін. Мәселенің мәнісін жақсы білетіндердің айтуына қарағанда, пайдаланып отырған жердің 20 пайызы кәдеге асып жатса, ешкім де көз аларта алмайды. Сол үшін керек.

Екінші мәселе, қой өсірген малсақ қауым пайда көрсе етінен ғана көреді, жүні мен терісінің көк тиынға құны жоқ. Оның өзіндік себебі, негізінен қолда бар ұсақ малдың қылшық жүнді болуынан. Тағы да

айтайық, бұл өңірдегі қойдың дені қылшық жүнді болып келеді. Қой жүнінің қадірлісі — биязы жүнді мал. Оны өсіруге жайылымның жайы қолбайлау. Көкшетау мен Қараөткелдің арасындағы жалпақ жонда негізінен ақселеу мен қаудан шөбі өседі. Бұл өсімдіктердің басындағы ине шөп қой терісіне қадалып, ауруға ұшырауына себепші болып жатады. Терісінің бағаланбауы да сол себепті. Сондықтан, мал жайын білетін қауым қылшық жүнді қой өсіруге көшкен. Әрине, ертеректе биязы жүн әлдеқайда қымбат бағаланатын. Қазір екеуі де қадірсіз.



Ақмола облыстық ауыл шаруашылығы басқармасы басшысының орынбасары Қасым Итқұсов: «Орташа есеппен қылшықты жүннің бір келісі 45 теңге шамасында. Онда да алуды жоқ. Облыс орталығындағы «Киіз» акционерлік қоғамы жүн қабылдағанымен, көлемі аз. Оның өзінде де жүннің сапасына қарай онтүстік өңірден жеткізеді. Жүнді тазалау, жуу машакаты көп шаруа», — дейді.

Сараптаушылардың пікіріне ден қойсақ, өркеніет өрістеген сайын әлмисактан халқымыздың игілігіне жарап келген қой жүнін синтепон тәрізді материал біржолата ығыстырып тастаған. Тек соңғы уақытта ғана табиғи жылу беретін материалдарға сұраныс біртіндеп артып келеді. Негізі қалауын тапқанға қазына іспетті қой терісі мен жүнді кәдеге асыру жайы талайдан бері айтылып келе жатқан мәселе. Осы орайда, қой жүнінің иен жатқан байлық екендігін кәсіпкерлердің назарына ұсына кетелік. Көкшетау қаласының іргесіндегі Нұрлықош ауылындағы тас басып, тау асып келген біраз ағайын жұмыссыз отыр. Жүн жайын бір білсе, солар біледі.

Мырзабек Мұңсызбек: «Моңғолияда бір шөкім жүн далада қалмайды. Ол

жақта киген киіміміз, тұрмыстық бұйымымыздың бәрі тері мен жүннен жасалды», — дейді. Тоғыз қабат торқадан тоқты терісінің артық екендігін жақсы білетін едік. Экологиялық жағынан таза киімді киіп, ауру-сырқаудан ада болып өстік. Қазір не қат, киіз үй қат. Облыс орталығының іргесінде жазғы демалыс орындары ашылып жатыр. Иелері алты қанат, сегіз қанат киіз үй іздеп шапқылауда. Тіпті киіз үйді жазғы демалыс кезінде балалар лагерлерінде де пайдалануға әбден болар еді. Егер қой жүнін кәдеге асыратын кәсіпорын ұйымдастырса, істің жайын білетін

Қой етінің нарықтағы бағасының өсуіне басынын аздығы себепші. Өңірдегі жайылымды қойға толтырсақ, өзіндік құны өзге түлікке қарағанда арзан қой етінің бағасы да сәл төмендер еді. Соңғы уақытта жалпақ жұртты жаман тұмау жайлағалы қой еті, әсіресе, құйрық май адам ағзасына пайдалы деген соң, сұраныс та көбейіп келеді.

Қасым Итқұсов «Жылына төрт мың тоннаға жуық қой еті өндіріледі. Оның ішінде Нұр-Сұлтан қаласын азық-түлікпен қамту бағдарламасына сәйкес астананың сауда сөрелеріне ұсынылатын өнім де

бар. Өкінішке қарай, қой етін өңдейтін кәсіпорындардың болмауынан бар дүниені ұқсата алмай отырмыз», — деп мәселенің түйткілін тілге тиек етті.

Қазіргі уақытта Ақмола жайылымдарында өрістеген қойдың дені тұқымы белгісіз, әлденеше будандаса тұқымы әбден азған мал. Қой тұқымын асылдандырумен айналысатын селекциялық шаруашылық мүлде жоқ. Ел ішінде қазір құйрықты қойға деген қызығушылық басым. Бірақ оған қол жете бермейді. Ерейментау ауданында Ресейден егіз, әйтпесе үшем қозы табатын романов тұқымды қойын әкеліп бауға ұмтылыс жасағандар болған. Бірақ әлдебір себептермен өрістете алмады.

«Асно Көкше» серіктестігінің өкілі Бауыржан Молдағалиев: «Қой шаруашылығы кешегі кенес заманынан бері күйтелген емес. Саланың орын алып отырған мәселелерінің бәрі ұмыт қалды. Қазір шаруашылықтар ішкі қажеттілік үшін ғана қой ұстап отыр. Оның тұқымын асылдандырып, өнімін молайтуға ұмтылып отырғандар жоқ. Шаруашылықтың ішкі қажеттілігіне жараса болды деген немкеттілік қана бар», — дейді.

Байкен КӨБЕЕВ,
Ақмола облысы

күнінде-ақ үстелімізге адамдар үйіліп қалды. Олардың бәрі де бұл «домалақтардың» не екенін білгісі келді. Сонда бір әйел қызының жасауын апарар кездегі «шұылдағына» менің құрттарымның 9 түріне тапсырыс берді».

Кейіннен әлгі әпкеміз «Құдаларым әдемі қалтаның ішінде не бар екен?» деп таңданғанын айтты. Ал дәмін татқан кезде олар таң-тамаша болыпты», — деп әңгімелеп берді.

Қазіргідей ауру-сырқау, тұмау көбейген кезде карри мен қызыл бұрыш қосылған құртқа сұраныс көбейген көрінеді. Себебі мұндай құрт терлететін

Назерке ет сүрлегендей құртты да сүрлеп көріпті. Тіпті үш түрлі ағаш коқымы салынған арнайы бөшке де сатып алған. Нәтижесі жаман емес. Қазір іскер қыз жана қосындыры сынақтан өткізуде. Кептірілген банан, манго, ананас, сонымен бірге орман жаңғағы мен бадамды қосылған құрт жасауға кірісті. Кейіпкеріміз бұл жаңа қосындымен шыққан өнім де көпшіліктің көңілінен шығатынына сенімді. «Құртқа шоколад қосып көрсен қайтеді?» деген ұсынысымызға, «Құрт тұзды ғой, егер тәтті болса, қосуға болушы еді» деп жымиды.

Назерке құртты қалай дайындайтынын да көрсетті. Бағзы заманнан келе жатқан тәсілден еш айырмасы жоқ. Тек жалғыз өзгеріс — құрамындағы түрлі қоспалар. Әр құрттың салмағын да өлшейді. Кептірілген соң қандай құрттың салмағын жоғалтып, қайсысының салмағы өзгеріссіз қалатынын, қай қоспа сәйкес келетінін, енді бірін араластыруға болмайтынын жақсы біледі. Ол бізге: «Мысалы, мейіз бен қызылша шырыны қосылған құрт салмағын жоғалтпайды. Келесі күнге лап-дайын боп тұрады. Тіпті кебұін күтудің де қажеті жоқ», — деп түсіндірді.

Қазір жас кәсіпкер аудан орталығы Шаян ауылында дүкен ашуды ойлап отыр. Өйткені Өппақ ишан мавзолейіне туристер көп келеді. Құрт біраз уақытқа дейін бұзылмай сақталады. Сондықтан оны сыйлыққа да алуға болады. Өзге елдерден магнитті кәдесей, базарлық әкеліп жатыр ғой. Сол сияқты неге шетелдіктерге қазақтың құртын ұсынбасқа?

Ісмер қыз сүт тапшылығын сезінбес үшін мини-ферма ашуға несие алуды жоспарлап жүргенін айтты. Әзірге ол ауылдастарынан 1 литр сүтті 150

теңгеге сатып алады. Сүттен қалдық қалдырмауды мақсат еткен ару «Құртты дайындап болған соң көп сарысу қалады. Ол да өте пайдалы. Қазір сол іркіттен сусын дайындауды ойластырып жүрмін. Сарысуды косметикалық мақсатта да пайдалануға болады. Келешекте ірімшік пен қолдың сары майын да сатылымға шығарғым келеді», — дейді.

Мәриям АЙТБАЙ,
Түркістан облысы



құрылғыны іске қосамын. Құрт — аштық пен шөлді басатын бірден-бір өнім. Кезінде қазақ батырларының алыс сапарға құрт салып шығатыны бекер емес. Ол адам ағзасына қажетті кальций, ақуыз, минералды тұз бен дәруменге бай. Біздің құрттың дәмін алғаш рет Түркістанда өткен әйелдер бизнес-форумына қатысқандар татып еді. «Ұнады ма?» деп толқығанымды жасырмаймын. Қорқынышым бекер екен. Жиынның бірінші

қасиетке ие. Егер күніне бір-екеуін жесеніз, тынысыңыз ашылып, тәбетіңіз артады.

Назерке қаны аз, өзін әлсіз сезінетіндерге кептірілген жеміс қосылған құрт жеуге кенес берді. Асқазан-ішек ауруына шалдыққан адамдар асжапырағы бар құртты тұтынғаны дұрыс. Күйзеліс пен қамығу кезінде жалбыз бен райхангүл бар құрт жақсы көмектеседі. Имунитет төмендесе, лимонды құртты қайнатпа сорпаға алдын ала езіп ішкен абзал.



Түйткіл

Қатаң карантин кімді де болса қажытты. Бірталай нысан амалсыз есігіне құлып салып, жағдайдың тұрақтағанын күтіп қалды. Экономиканы есеңгіреткен пандемиядан келген шығын әлі есептеліп біткен жоқ. Бірақ табар нан емес, шүберек жанды ойлаған жұрт сабырға келіп, бұл өтпелі кезеңді өкпесіз өткізіп, табандылық пен төзімділігін танытты.

Осы аптаның басында карантин тәртібі жеңілдеді. Қанша айда бері бос тұрған ірі сауда орталықтары, жаттығу залы, сұлулық салоны секілді ғимараттардың тарс жабылған есігі қайта ашылды. Эпидемиологиялық ахуалдың барысына қарай жергілікті бас санитар дәрігер қай нысанның қызметін жандандыруға болатынын айтып, рұқсатын береді. Оны әкімдік бекітеді. Дегенмен белгісіз себептермен эпидемиологтардың бұйрығын шенеуніктер мақұлдамайтын кез де болады. Бұдан кәсібінен нәсіп тапқандар киналады.

Біер күн бұрын шаруалар журналистерді «Айтар шағым, базынамыз бар, бізді келіп тыңдасаңыздар» деп қалалық әкімдік алдына шақырды.

ШЫҒЫНҒА БАТҚАН ШАРУАЛАР

Келістік. Жеттік. Онда жиналғандар қаланың аксауасқарты емес, кілең күн астында жүріп күйген еңбек адамдары екені көрініп тұр. Жанарында оттан бұрын, мұң басым. Әңгіменің әлқиссасы «Ала жаздай күтіп, өсірген өнім шіріп кетуі мүмкін» дегеннен бастады. Жылда



жіберді. Бізге әр күн қымбат. Ең болмаса, осы демалыста жәрменке жанданса, дұрыс болар еді. Ештен кеш жақсы деген бар».

Шамданған шаруалардың бұл жылға жоспары көп еді. Бірі еселеп өндіріп алам деген тәуекелмен қарызданып-

Гүлнәр Сүлейменова айтады: «Ектік. Өсірдік. Сататын жер жоқ. Сенбі, жексенбі жәрменкелер жабық. Амалдың жоқтығынан базар жанында сатып көріп едік, айыппұл салып, қуып шықты. Күзде салық төлеу керек. Акшаны қайдан аламыз? Елордада жәрменкелердің істеуіне рұқсат берілді. Алматыда неге екені түсініксіз, жабық. Әкімдік неге бізді түсінгісі келмейді. Қанша жерден жазғанмен жауап бермейді. Өздері есіктерін жауып алып, бізбен байланысқа шықпайды».

Гүлнәрдың басындағы тауқымет өзге шаруа мен диканға тән. Әрқайсысы кемі 2 миллион теңгелік табысынан қағылудың сәл-ақ алдында. Быыл жұмыс жүрмесе, өнім өтпесе, онда біраз шаруашылықтың шатқаяқтайтыны анық. Тығырыққа тірелгесін, қайтерін білмегесін, бірігіп әкімдік алдына жиналудың негізгі себебі де осы. Олардан бөлек, арадағы делдалдың тым қымбат әрі сапасыз өнімінен зәрезап болған қала тұрғындарына жәрменкеде сауда жасау ыңғайлы. Ондағы өнім құны басқа базар, дүкендердегі бағадан 1,5-2 есеге арзан. Оның үстіне құнарлы. Айналып келгенде, бұл жерде жәрменкенің ашылмауынан шаруа да, тұрғындар да жапа шегіп отыр.

Араға сағат салып Алматы қаласы әкімдігінен өкіл шықты. Кәсіпкерлік және инвестиция бөлімі басшысының орынбасары Қарлығаш Әбдіжаппарова жиналғандардың базынасын мұқият тыңдады. Жағдайдан хабардар екенін жеткізді. Алайда нақты қашан жәрменке ашылатынын ол дөп басып айта алмады. Қарлығаш ханым былай дейді: «Дайындық жұмыстарын жүргізіп жатырмыз. Жәрменке өтетін жерде әлеуметтік қашықтық жолақтарын сызу, дезинфекция жасау секілді шаруаны бастап кеттік. Одан бөлек жәрменкені демалыс күндерден аптаның басқа күндеріне ауыстыру мәселесі де қарастырылады. Бәрін електен өткізгесін нақты шешім қабылданады».

Әкімдік жауабы шаруаның мазасыз көңілін тыншыта қойған жоқ. Бірер күнде жағдай бір жақты болмаса, олар өнімін осы демалыста «қаланың қақ ортасына жайып қойып сатамыз» деп таркасты.

Аскарбек ҚАЗАНҒАП,
Алматы

KÓKEIKESTI

E-mail: jasqazaq2019@mail.ru



www.jasqazaq.kz

Білім

Мектеп директорлары оқу жылы басталар алдында педагогикалық кеңес өткізіп жатыр. Әр білім беру ұйымының басшысы ұжымына мектепте оқу жылы қалай басталатынын, штаттық режимде оқытындар үшін қандай санитарлық қауіпсіздік шаралары қабылданғанын бояндайды. Балаларды қашықтан оқыту үшін мектеп қандай платформаны таңдағанын, бағалау жүйесіне қандай өзгерістер енгізілгенін және оқу процесін ұйымдастыруға қатысты өзге де сауалдар бойынша түсіндіру жұмыстарын жүргізуде. Бұл туралы білім және ғылым министрлігі хабарлады.

ЖАҢА ОҚУ ЖЫЛЫНА ДАЙЫНДЫҚ

Қалыптасқан эпидемиологиялық жағдайға байланысты 2020–2021 оқу жылы қашықтан білім беру форматында басталады. Ата-аналардың қалауы бойынша мектептерде 1-4 сынып оқушылары үшін кезекші сыныптар жұмыс істейтін болды. Бір сыныпта білім алушылар саны 15-тен аспайды.

Педагогикалық кеңес барысында мұғалімдерге оқыту ережелері мен кезекші

байланыс құралдары арқылы онлайн-форматта қабылдайды. Мектеп формасына қатысты: жалпы формаға қойылатын талаптар жойылмайды. Бірақ уақытша өзгерістер енгізілді. Соған байланысты биыл ата-аналар баланы мектеп формасымен немесе басқа да ыңғайлы киіммен жіберу туралы шешімді өзі қабылдайды», — деп хабарлады білім және ғылым министрлігінің баспасөз қызметі.



сыныптарда санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету шаралары егжей-тегжейлі түсіндіріледі. Оқушылар мен ұстаздардың дене қызуы күнде өлшеніп, көрсеткіш нормадан жоғары болған жағдайда немесе ауру белгілері анықталса, мұғалім сабақ бермейді. Оқушыны үйіне қайтарады.

«Егер ата-аналар немесе балалардың заңды өкілдері ниет білдіріп, өтініш жазса, ал мектеп санитарлық нормаларды қатан сақтауға дайын болса, бастауыш сынып оқушылары мектеп қабырғасында оқи алады. Мектептерде жоғары сынып оқушыларының кабинеттері бос болғандықтан, оларды бастауыш сыныптарды оқытуды ұйымдастыру үшін пайдалануға болады. Ата-аналардың өтініштерін сынып жетекшілері қолжетімді


Мектеп компьютері балаларға уақытша пайдалануға беріледі. Сонымен қатар білім басқармалары, бөлімдері қосымша компьютер, ноутбук, планшет сатып алып, қабылдау-тапсыру актілері негізінде оқушыларға тапсырады.

Әрбір өңір, білім беру ұйымы қашықтан оқытуды ұйымдастыратын интернет-платформаны өзі тандайды. Қашықтан оқыту форматы аясында мұғалімдер мен оқушылар платформа арқылы стриминг жүйесін қолданады.

Шалғайдағы ауылдық елді мекендерде орналасқан шағын жинақты мектептерде күндізгі форматта оқытуды ұйымдастыру мәселесі де назардан тыс қалмайды.

Әйгерім
ТЕМІРҒАЛИЕВА

Фоторепортаж



Жылдағы әдет. Көркіне көз тоймайтын Бурабай қоқыстан көз ашпай тұр. «Бурабай» мемлекеттік ұлттық паркінің директоры Сергей Быковтың айтуына қарағанда, өткен жылы саябақтан 2 мың текше метр қоқыс шығарылыпты. Айтпақшы, бұл өңірде арнайы полигон жоқ екен. Сонда оны қайда апарып тастады? Биыл да қалдық көп. Мұны қайда төгеді?

Байкен КӨБЕЕВ

ҚОҚЫСТАН АРЫЛМАҒАН БУРАБАЙ





175 ЖЫЛ

ұлы Абай Құнанбайұлының мерейтойы

Абайдың жастық шақ жырлары – есіп-өнер елдің болашағына арналған берік бағыт-бағдар. Оқисың да, қымбат жастық дәуреннің әр сәтін текке жібермеудің жолын іздейсің, оны өміріңе ұтымды пайдалануға жігерленесің, ұмтыласың. «Жастықтың оты жалындап» өлеңінде ақын жастық шақтың қайталанбас құндылығын кестелейді.

*Жастықтың оты жсалындап,
Жас жүректе жанған шақ.
Талаптың аты арындап,
Әр қиынға салған шақ.*

*Уайым аз, үміт көп,
Ет ауырмас бейнетке,
Бүгін-ертең жетем деп,
Көңілге алған дәулетке.*

*Қайратпен кіріп, жалынбай,
Ақылмен тауып айласын.
«Мен қалайға?» салынбай,
Жылы жүзбен жайнасын.*

*Қайратқа сеніп қақтықпай,
Жазасын тауып жауласар.
Қатынша тілмен шаптықпай,
Майданға шықса, жсарасар.*

Жастықтың оты жас жүректе жалындап тұрғанда талап тұлпары арындап, әр қиынға қарай жұлқына шабатын шақ, яғни арман-киядың шарықтап, үміттердің қаулап қауыз жарар қымбат кезені. Мұнда уайым жоқ, бейнетті тірлікке мойынұсына бермейді. Ақын ұғымында — көңілге алған дәулетке бүгін-ертең жетем деген ізгі үмітпен алансыз өмір сүру. Алайда жастықтың жалындаған оты да лапылдап барып қызуы басылады. Жастықтың арындаған шағындағы тасыған күш-қайратқа сене бермей, ақылмен әр істің жөнін табу, сонан соң мақтанға салынбай, яғни кеуде кермей, тірлік ету — жасқа жарасымды. Не нәрсені күшке, қайратқа салмай әрі дауырықпай, дауласпай, яғни ұрысқақ қатынша тілмен шаптықпай, ақылға салып шешкен дұрыс. Ақын майдан ұғымында ұрыс, соғысты айтып тұрған жоқ, елмен жүздесуді өмір ағымын ұғындырады.

Жалындаған жастық шақ та мәңгі тұрмас. Ол да бір күн кетеді. Жастықтан кейінгі егделік те естен шықпаса керек.

*Жалыны қайтар дененің,
Үнемі тұрмас осы шақ.
Талайғы кәрі дүниенің
Бір кетігін ұстап бақ.
Күйрығы шаян, беті адам,
Байқамай сенбе құрбыға!
Жылмаңы сыртта, іші арам,
Кез болар қайда сорлыға.*

«Талайғы кәрі дүниенің, бір кетігін ұстап бақ» деген ақын өмірге есең кетпесін, уақыттан аларынды алып қал, жастық та жалт етіп өте шығады дегенді мензейді. Досын, құрбың жақсы болса, сенің де жастығың бекер өтпейді дейді. «Күйрығы шаян, беті адам болып келетін аярлардан, сұмдардан сақтан, байқа, опық жеп қалма» деп кеңес береді. Өйткені олар бет-жүзі жылмандап, жанынды жайлап алғанымен, артынан арамдығын жасап, өміріне, тағдырына қиянат келтіреді. Досты дұрыс тандай білуді пайымдайды.

*Досыңа достық — қарыз іс,
Дұшпаныңа әділ бол.
Асығыс түбі — өкініш,
Ойланып алмақ — сабыр сол.
Ақ көңілді жақсыдан,
Аянбай салыс ортаға.
Ақылы, ары татишдан,
Қу сөзін алма қолқаға.*

Досына достық пейілінді таныт,

жақсылық жаса, бұл қайтарымы, қарымы бар қарыз іс десе, дұшпанға да әділ болуды, жауласпауды, ізгілікпен жангенді жөн көреді. Абай даналығының даралығы да — қымбат жастықты өкінбестей өткізуді өнегелеуінде. Арман-мұратта да ойланбай асығыстық жасау түбі өкінішке әкеледі, әрбір нәрсені асықпай, ойланып, толғанып, сабырмен салмақтап, саралап іске асырған абзал.

Ақ көңілді, жақсы адамнан ештеңе аяма, одан пайда көрмесең, зиян шекпейсің дейді. Жақсы адамдармен ортаның ордадай қуатты болатынын сезінеді. Санасыз, арысздардың ақылын құлакқа ілме, қу сөзін қолқаға алма деп арамдықтан, залымдықтан, зымияндықтан сақтандырады. Абай заманның да құбылып, өзгеріп тұратынын, оны да санамен саралап, әркез әзір болуды нұсқайды.

*Сұм-сұрқия, қу заман,
Гүл көрінер жігітке.
Қызықты өмір жайнаған,
Кеудесі толып үмітке.
Бір нәрсені ұнатса,
Қайта ойланып қарамас.
Мақтатып жұртты шулатса,
Құмары сол қызба бас.
Сенісерге келгенде,
Сене берер талғамай.
Жұрты құрғыр сенгішке.*

Сұм-сұрқия қу заман жігітке гүл көрінуі мүмкін. Өйткені жайнаған өмір қызығымен алданып, кеуден толған үмітке жүгіне берме, заманның ығына да кетпе, бір нәрсені ұнатып, соның соңына түсіп алма, әрнәрсені ойланып, толғанып, ақылға сал. Жастықтағы тағы бір қателік — жұрт мақтап шуласа, соған мәз болу, желігіп, желпіну. Ақын мақтансүйгіштіктен, даракылықтан сақтандырады.

Тағы бір ескертері — сенімге сергектік таныту. Кез келген адамға сене беру түбінде өкіндіреді. «Елу бесте біз-дағы, сенісер адам таптық па?» деген ойы жырындағы жалғыздық жайын аңғартады. Арысздық пен жамандыққа құмарлар ойына келгенін жасайды.

Адам өмірінің ең асыл, ардақты кезендері — балалық пен жастық. Ақын осынау қымбат дәуреннің қадірін жетеге жеткізе айтады. «Бір дәурен кемді күнге бозбалалық» өлеңінде жастарды өмір қасиетін сезінуге шақырады.

*Бір дәурен кемді күнге бозбалалық,
Қартаймастай көрмелік, ойланалық.
Жастықта көкірек зор, уайым жоқ,
Дейміз бе еш нәрседен құр қалалық!* — деп бозбалалықтың кемді күндей бір дәурен екенін, жастықтың қызық-қуаныштарымен жүріп, қартаймастай болмайық, мына жарқын жылдарды таусылмастай көрмелік, ақылға салайық, жастықта ешқандай уайым-қайғы ойламай, албырттықпен, көкірек керіп ешнәрсенін байыбына бармай өкінуді еске салады. «Дейміз бе ешнәрседен құр қалалық!» деп келудемініп, не пайдалы, не зиян, қажет, қажетсізін саралап қарамай, әрнәрсеге құмарланудан, көрсекызарлықтан аулақ жүр дейді. Жастық шақтың қадірін білуге шақырады. Біреулер өлең айтып, ән салып, сауық-сайран құруға әуестенсе, біреулері әзіл-қалжыңмен қыздарға қырындап, бозбалалық жасап, жүрек сөзін, жан сезімін білдіруді зор қуаныш әрі мақтан санайды. Ақын ойынша, осының бәрі жастық



шақты текке өткізу. Жастық желігіне ерме, қайта келмес уақыт құндылығын бағала,өміріңнің ең қызықты шағын пайдалы іске, оқуға, білім, ғылым, өнерге арна деген асыл ой алаулайды.

*Демеңдер: «Өнбес іске жұбаналық»,
Ақыл тапсақ, мал тапсақ — қуаналық.
Жауыс сүйсең, бір-ақ сүй таңдап тауып,
Көрсек қызар, күнде асық — диуаналық.*

*Жастықта бір күлгенің — бір қаралық,
Күлкі баққан бір көрер бишаралық.
Әуелі өнер ізделік, қолдан келсе,
Ең болмаса еңбекпен мал табалық.*

*Той болса, тоң киелік, жүр, баралық,
Бірімізді біріміз аударалық.
Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер,
Күлкіні онша күйлеп, шуламалық.*

«Өнбес іске жұбанып» құр бекер жүру жасқа жараспайды. «Ақыл тауып, мал тауып, яғни білімге ынтығып, еңбек, кәсіп істеуді» өмірдің қуанышы деп біледі. Қызды ауылға қырындап, үйір болғанынмен, көрсекызарлық жасап, әр күнде бір қызға ғашық болу — диуаналық. Сүйсең бір қызды таңдап, тауып сүй де, соның сүйіктісі бол деген байлам жасайды. Мұндай ойды негізінде әл-Мағри де айтқан. Ол: «Сау басыңды саудаға егер салғың келмесе, Сұлулардың сонынан елпен қағып, ерме сен», — дейді.

Сұлу екен деп орынсыз әркімінің сонынан еріп, өкініп қалмауды ескерткен. Абай ғашықтықты көрсекызарлық, әсірекқұмарлықтан даралайды. Оны жүректің ісі санайды. Абай жастықта ойнап-күлме демейді. Күлкінің де күлкісі бар. Орынсыз ыржалақтап, әрнәрсеге күліп, қылжалақтап, елдің берекесін алған сүйкімсіз күлгіден аулақ болған жөн. «Күлкі баққан бір көрер бишаралық» дегендей, одан ешкім опа таппайды. Хакім қолдан келсе, алдымен өнер ізделік,



өнерді үйренейді, тірлікте мақсатымызға жараталық деп еңбекпен мал тауып, яғни жұмыс жасап, кәсіп менгеруді жөн санайды.

Жастықта желпініп, желігіп тойға құмарлануды жек көреді. Той болса, тон киіп, бір-бірін шақырып, қоярда қоймай ертіп барып, дуласып, шуласып, қылжақтасып, күлкі күйлеп кетуді ұнатпайды. Ат арықтар, тон тозар, қадір кетер, басқа қандай пайда келсін деп тұжырымдады. Абай тойға барма, қызықтан, қуаныштан аулақ бол демейді. Біреулердің тым тойшылдығын, шақырмаса да барып, қалірін түсіретін әдепсіздігін, түйсіксіздігін, даракылығын көрсетеді. Қызық, думанға әуестене бермеуді, одан бір пайдалы іспен, өнермен, кәсіппен шұғылдануға кеңес береді. Ақын жастарды заманға сай болуға шақырады. Ырду-дырду, сауық-сайран, той-томалаққа уақыт жібергенше, ертенінді ойла дейді.

*Уайым — ер қорғаны, есі барлық,
Қиыны бұл дүниенің — қолы тарлық.
«Еһеһеһе» өлірме, бозбалалар,
Бұл бес күндік бір майдан ер сынарлық.*

*Салынба, қылсаң дағы сан құмарлық,
Алдында уайым көп шошынарлық.
Жарллық, жалынышты жалтаң көздік,
Сүйкімі, икемі жоқ шалдуарлық.*

*Әсем салдық өлгенше кім қыларлық,
Оған да мезейі болар тоқталарлық.
«Уайым — ер қорғаны, есі барлық»* деп уайымсыз, мұнсыз ойын-күлкіге елірген жастарға қынжылады. Өмірдің қиындығы қолтарлығы деп ұйғарады. Бұл шындық. Қол тар болса, көңіл қанша кен болса да еріксіз бір нәрседен тапшылық көріп, діттеген ойына жете алмайды. «Еһе-һе» деп ыржалақтап, қылжақтап, біреуді кекетіп күліп жүрумен өткінші уақыт өте шығады. Тек соған өкініп қалмауды, өмірдің шолақтығын еске салады. «Бес күндік ер сынайтын бір майдан» деп өмірдің қысқалығын тереңнен түспалдайды. Майдан — негізінен алаң ұғымында. Оны ақын дүние дәурен, ғұмыр синонимінде алған.

Ақын жастардың назарын заманға, қоғамға аудартады. Құмарлық қылсан, оған салына берме, есінді жи, алдында жан шошытатын уайымдар тұр, соны енсере біл деген даналықты тұжырымдайды. «Ол — жарллық, яғни кедейлік». Абай жұртының жағдайының төмендігін, жүдеу тұрмысын қиянат-зорлық, езгідегі жанкешті тіршілігіне алаңдайды. Бозбалаларды шошытатын уайым-жалынышты жалтанкөздік деп түсінеді. Жалтанкөздік — өзіндік мұрат, бағыт, ұмтылыс болмауды білдіреді. Абай мұнда кедей-кепшіктің бай, болыс, би малын бағып жалданып жұмыс жасауын емес, патшалық Ресей отаршылдығын, яғни белгілі бір топ, тобырдың үстемдігін халықтың басым бөлігінің азапты күнкөрісін мензейді. Уайымға салынған жастардың сүйкімі, икемі жок шалдуарлығын айыптайды. Өнерге, кәсіпке бейімделмей, білімге құлшынайы, күнін текке өткізуге күйнеді.

Қызық, думанға берілген жастық шақта зулап өте шығады. Әсем салдықтан да дәурені кетерін, одан да мал табуға, еңбек етуге үндейді. Бос жүрген соң амалсыз ұрлық жасайды. Оған ұрынбай, тек жүріп тамақ асырау амалын іздейді.

*Ұрлық қылар, тентіреп тамақ асырап,
Болмаған соң жұмыс қып мал табарлық.*

Ақынның алаңдайтыны да осы. Ол жастарға осының бәрін ақылмен түсіндіреді. Бірақ сол думанды дүниемен ештенкеге мойын бұрмаған әке де, ағайын да мұны қаперіне алсын ба? Абайдың қиналатыны да осы.

*Басында әке айтпаса ақыл жарлық,
Ағайын табылмаса ой салаларлық,
Қалжыңбассып өткізген қайран дәурен,
Түбінде тартқызбай ма ол бір зарлық?!*

Ақын ырду-дырду, бос күлкімен өткен қайран дәуреннің түбінде бір сорлатарын сездіреді. Соны болдырмау үшін қапы қалмау керек. Оны ұғатын жастар ма?!

*Осы елде бозбала жоқ сөзді ұғарлық,
Үзілмес үмітпенен бос қуардық.
Әйтеуір, ақсақалдар айтпады деп,
Жұрмесін деп аз ғана сөз шығардық.*

Жастардың болашағына алаңдап, уайымын жеген ақын күйініші қандай уытты. Сөзді ұғарлық бозбала жоктығына налиды. Үзілмес үмітпен ертенге сенім артқанымен жастар қылығынан, пиғылынан көңілі қалады. Мұны кезінде айтпаған ұрпақтың кінәларын ұғынған ұлы жүрек «Аксақалдар айтпады деп аз ғана сөзбен жеткізгендігін» де жасырмайды.

Абайдың жүрегімен егіле айтқан осынау нақыл-ойларын оқығанда, заман кереғарлығына еріксіз өкінесің. Өмір сүрудің өнегесін тәпшітеп түсіндірген тәмсілдер терең. Халқынын ауыр жағдайына жаны қалай күйзеледі. Бүгін де ғиبراتты нақылдарды түйсініп, санасына қондыра алмаған, қылжақбастық пен ойын-сауықтың құмарына құныққан жастардың солардан еш айырмашылығы жоктығына ішіңіз ашиды. Аз ғана сөзбен ақыл айтар аксакалыңыз да аз.

*Егер түзу көріңсе,
Ойлап-ойлап құлаққа іл.
Ақымақ көп, ақылды аз,
Деме көптің сөзі бұл.
Жақынның сөзі тәтті деп,*

*Жақыным айтты дей көрме.
Надандықпен кім айтса,
Ондай түпсіз сөзге ерме.
Сізге айтамын қауіпм бұл.* Ақылды салмақтап, саралап түсіну дұрыс. Егер осы сөздерім түзу десен, ойлап-ойлап құлағына іл деп кеңес береді. Ойлап-ойлап деп қайталауы да ой мән-мағынасына бойлауды аңғартады. Ақымақтың көптігін, ақылдылардың аздығын, оқыған, білімділердің санаулы екенін сезіндіреді. Көп ақымақтың сөзін елеусіз қалдыр да, ақылды сөзді құлағына іл де, өмірлік мақсатына жарат дейді. Сонан соң «Жақынның сөзі тәтті деп, жақыным айтты дей көрме» деген қаупін білдіреді. Әдетте, жақын, ағайын, туыс айтса, онша құлақ аспай «әй, айтып жүрген сөзі ғой» деп оған кейбіреулер селт етпейді. Абай ұлтымыздын осы бір еренсіздігін тап басып таниды. Жат адам айтса, шамданып көңілге ауыр алмауды, біліп айтқанға құлақ асуды ескертеді. Ең басты қауіп — надандықпен айтылған түпсіз сөзге еріп кетпеу. Ақылмен пайымдап, дұрыс-бұрыстығына көзінді әбден жеткіз. Түпсізі не? Ол — ешқандай актауға да келмейтін, өзіңе еш пайдасы жоқ бос, басқа бір бағытка бұратын, ойынды тұмандатып,

сананды шырмайтын әлдебір арандату немесе желіктіретін желбуаз өсек пен өтірік сөз.

Ақыл — тыңдауға ғана емес, өз кәдене, өмірлік іс-әрекетіне жаратар жарқын жарық. Білім, өнер, кәсіпті менгер, әрнәрсені біл, жан-жақты азамат бол, мағыналы өмір сүресін. Абайдың айтары да осы.

*Өзің үшін үйренсен,
Жамандықтан жиерсенсең.
Ашыларсың жымла-жыл,
Біреу үшін үйренсен
Біреу білмес, сен білсең,
Білегіңнің бәрі тұл.*

Жамандықтан жиренуді, яғни әрбір саналы, ойлы жастың жат, жағымсыз әдет-қылықтардан бойын тазалауын, оқып, білім алып, өмірге қажет нәрсені үйренуін қолдайды. Сонда жыл сайын ашыласың, жанарасың, жетіліп дамысың дегенді көкейге ұялатады. Данышпан ғибаты — адам қандай мақсат биігіне жетсе де, болдым, толдым деп токмейілісмей, оқыған үстіне оқып, ізденген үстіне ізденуі игі. Ой-санадағы тоқырау рухани құлазытады. Адам болашағына төнер қауіпті қаперге салады. Біреу үшін үйренгеннен біреу біліп, сен білмегеннен не пайда? Білмегеніннің бәрі зая кеткенмен бірдей, сондықтан өзін үшін оқы, ізден, үйрен, біл, зертте, зерделе. Кеменгер тұжырымы ғибатты.

Сөзіне қарай кісіні ал, Кісіге қарап сөз алма. Шын сөз қайсы — біле алмай, Әр нәрседен құр қалма.

Бәрі өзіме керек деп, әркімнің талғамсыз сөзін ақылға салмай, тыңдай берме. Біреу шынын айтады, біреу ойына келгенін айтады. Надан сөзіне еріп, қателесу қаупін ескертеді. «Сөзіне қарай кісіні ал», яғни сөзі де, мінезі де, ісі де ізгі адамды тандап, содан оқып, үйренуді ұлағаттайды.

Мұны жазған — білген құл, Ғұламаһи Дауани, Солай депті ол шыншылы. Сөзін оқы жөне ойла, Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл гүл.

Қаншама кітап оқып, көңілге тоқып, тағылымын жастарға өсиеттеген ойшыл ақын Дауани сөзіне, ойына сілтеме жасайды. Ғұлама сөзін оқы да, ойлан-толған, өмір сүру үлгісіне пайдалан дейді. «Тез үйреніп, тез жойма, Жас уақытта көңіл-гүл» деп, оқып, үйрен, кітап сөзі деп ұмытып кетпе, санана ұялат, іске асыр деп пайымдайды. Жас уақытта көңіл гүл дегені — есте сақтау қабілетінің, зейінінің мықтылығын білдіреді. Әрнәрсеге әуестікті, қызығушылықты, құмарлықты аңғартса керек. Гүл әдемі болса да солады, ал зердеге сақталмаған, көңілге терең уяламаған ғибатты ой, ұлағатты ақыл тағылыммен пайдаланбаса, кәдеге аспайды. Осынау ұлағатты ой-пайымдауларды, ақыл, тілектерді мақсат-мүддеге жарата білу парыз. Жасынан дағдыланған тіршілік тағылымдарын жастарға өнегелейді. Ұлылардың ұлағатты ойларынан үйреніп, ізгілікті өмірінен үлгі алуды құптайды.

Әнуар ТАРАКОВ,

*Әл Фараби атындағы ҚазҰУ-дың
филология және әлем тілдері
факультетінің профессоры,
филология ғылымының докторы*



E-mail: jasqazaq2019@mail.ru

AINA



www.jasqazaq.kz

БҮГІНГІ САТИРА



«Сиырдың сыры» дедік пе?.. Ағыл-тегіл айтайын.

О баста, қай заман, қай ғасыр екені белгісіз, біз де жабайы күн кешіп, тағы боп тау-таста күн кешіппіз. Тағылық тірлігімізден хабарымыз жоқ, әйтеуір, күндердің күнінде қолға үйретіліп, адам ақылының арқасында соның қарамағына өтіп, төрт түлігінің санатына қосылып, «саналы» тірлікке көшіппіз ғой...

Тарихта нем бар, тірлігімді айтайын... Қазір қожайынымнан «қашып шығып», тау-таста жартылай жабайы күй кешудемін. Өне бір заманда, кең қолтық кергіген кезеңде — мен ғана емес, ертенге еренсіз болып, бүкіл жұртшылық ашық-шашық шалқыды емес пе.

Баскада нем бар, өзіміз таң қылан бере керіліп-созылып түрегеп, бұзауға иіліп, қожайынның сауып, сыпыра бұйда жіптен босатқаны сол, уайым-қайғысыз талтаң басып тау-тас етегіндегі өрісімізге кете баратынбыз. Ойхой, сол кездегі «сенікі-менікі» делінбеген далиған даланы ойласам — мүйізім сырқырайды, емшегім сыздайды.

Несін айтайын, жекеменшік келіп — өріс тарылды, желке жүн жығылды емес пе...

Қожайын да қауқарсыз, нарық заманына ілесе алмай — ел қатарлы тірлігін түзей алмай, бұрынғы өріс атаулы қолды болып, біз баяғы кешкілік келіп жетіп күйіс қайырып түнеп шығатын қорадан күндіз-түні шыға алмайтын халге жеттік... Қолға қараған күнді дұшпанына берсін... Жекеменшік жері жоқ қожайынныңны барынан жоғы...

Қожайыныма жаным ашиды! Айтпай келген аласапыран заманда азып-тозды десем болады.

Бәрі сатулы, жем жемегелі қашан, берген шөп-шолан, көшек-пәсекті талғажау етеміз. Бәрі құрықталып, ішіп жүрген ағыл-тегіл судын сұрауы болғанда суалып кете жаздалым.

Қиындықтан ашатұяқ атаулы айырбасталып, бағым — сүтімнің арқасында белі қатаймаған бұзауымның көз жасы болып дін аман жүріп жатқаныма тәуба деймін.

Өстіп жүргенде өкіметтен «сауып отырған сиыры бар үй әлеуметтік көмектен қағылсын» деген «қарақағаз» шығып шалқамыздан

Сиырдың сыры



түсірді емес пе. Сондағы әлеуметтік көмекпен ілдалап отырған қожайынымның күніренген көз жасын көрсен...

Не істейін, тұлапайы шыққан басқа төрт түліктен әулиемін бе, көресімді көрейін, маңдайыма жазылғаны болар деп, қора маңында апыл-тапыл қам-қарекетсіз ойнақ салып жүрген бұзауыма қарап қабырғам сөгіледі, денем түршігеді.

Құдай оңдап, қожайыным қимылға көшіп, бір түнде мені бұйдалап алып жетектеп, қазіргі күндіз панам болған тау-тастағы үнірден бір-ақ шығарды.

менің амандығымды тілеп, көл-көсір сүтімді сауып алып жөніне кетеді...

Қанша миңла саналсақ та, жалмауызға да жан керек, қожайынның айтқанымен жүріп-тұруға үйренген басымыз — күндіз аттап шықпай күйіс қайырумен боламын да, түнде жортуылға шығамын...

Қожайыным да ку, таң сыз бере үнгірге оралсам — қос уыс жемін ұсынып күлімдеп сонда күтіп отырады... Қайтейін, қожайынға үйренген басым, оның үстіне қорада қалған бұзауыма бола иіліп-иіп сүтімді ағыл-тегіл ағытамын.

Қожайын да біледі, тау-тастағы қасқыр бастаған қаракшыларды ескеріп, өткенде мүйізімді қайрап үшкірлеп, келесісінде артқы екі аяғыма тигенін тіліп түсер таға орнатып берді...

Қамқорлығына ризамын. Ол да «Сиыр сипағанды білмейді» дегенді ұмытып, көндіккен, үйреткенін лезде ұғып алған менің үсті-басымды сипалап, біруақ тазалап-тарап та қояды.

Сөйтіп ағыл-тегіл іш-жемнің ортасында жартылай жабайы тірлік кешудемін.

Бұрынғыдай емес, қонданып семіріп келе жатқанымды сеземін. Оныма қожайын да риза. «Қондасан, күзге аман-есен барсан. Ол уақытта қорадағы бұзауын да сүттен шығып санатқа қосылады. Біздің де түп-түгелді сатып, қала маңына көшіп кетер мезгіліміз де болады» деген пиғылын да сеземін.

Менің де: «Аман-есен күзге жетіп, қожайынымнан бұрын бір түнде қорадағы бұзауымды ертіп әкетіп, мұндағы үнгірді талақ етіп, тау-тастың ықпыл-жықылын артқа тастап, сонау қияндағы арқар мекен еткен маңға барып толық жабайы күн кешсем» деген пиғылым бар.

Берік САДЫР,
Нұр-Сұлтан қаласы

БЕКІТЕМІН:
«Оқушылар сарайы»
МККК директоры
Д.Әбілмәжінова

«Қазақстан халықтарының ертегілері балалар көзімен» облыстық суреттер байқауы туралы ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

1.1. «Қазақстан халықтарының ертегілері балалар көзімен» облыстық суреттер байқауы туралы осы ЕРЕЖЕ байқауды ұйымдастыру мен өткізудің тәртібін, жұмыстарды іріктеу критерийлерін, қатысушылар құрамын, серіктестерді, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттау тәртібін айқындайды.

1.2. Байқаудың тақырыбы — **«Қазақстан халықтарының ертегілері балалар көзімен»**

1.3. Байқау өскелең ұрпақты патриотизм рухында тәрбиелеу, халық ертегілері мен аңыздарына қызығушылығын дамыту бойынша бағадарлама аясында өткізіледі.

1.4. Байқаудың ұйымдастырушылары:

- ❖ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы» КММ «Оқушылар сарайы» МККК;
- 1.5. Қолдау көрсетушілер:
- ❖ «Урақ» қазақ мәдени-ағарту орталығы, төрайымы Мұсабаева Гүлбақша Нұрмұқанқызы
- ❖ Солтүстік Қазақстан облысының орыс қауымдастығы, төрағасы Кузнецов Олег Юрьевич

2. Байқауды ұйымдастырушы комитет

2.1. Құрамы:

- ❖ «Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің Білім басқармасы» КММ «Оқушылар сарайы» МККК директоры Әбілмәжінова Дина Жанұзаққызы;
- ❖ «Урақ» қазақ мәдени-ағарту орталығы, төрайымы Мұсабаева Гүлбақша Нұрмұқанқызы;
- ❖ Солтүстік Қазақстан облысының орыс қауымдастығы, төрағасы Кузнецов Олег Юрьевич
- 2.2. Байқауды өткізудің жалпы тәртібін айқындайды және қалағалайды;
- ❖ әділқазылар құрамын бекітеді;
- ❖ байқау қорытындысын жалпылайды және талдау жасайды, жеңімпаздарды марапаттайды;
- ❖ байқауды ұйымдастырушылар Байқауға қолдау көрсеткен ұйымдар өкілдерін Ұйымдастыру комитетіне кіргізу құқығын өзіне қалдырады.

3. Байқаудың негізгі мақсаты және міндеттері

- 3.1. Байқау мыналарға бағытталған:
- ❖ өскелең ұрпақты халықтық дәстүрлерді түсінуге және құрметтеуге баулу, түрлі диаспора өкілдерімен достық және ынтымақтастық қарым-қатынасты қолдау;
 - ❖ өз халқының мәдениетін терең түсінуді қалыптастыру;
 - ❖ мейірімділік, әділеттілік, гумандық сезімдерге, басқа да позитивті адами қасиеттерге дағдыландыру;
 - ❖ шығармашылық даралық пен әлеуметтік белсенділікті дамыту;
 - ❖ зерттеу дағдыларын, жана білім алу қызығушылығын ынталандыру, дүниетанымдарын кеңейту.

4. Байқау Тұжырымдамасы

Әрбір ертегі — саяхаттарға, оқиғаларға және сиқырлы жұмбақтарға толы әлем. Бала соншалықты еліктіретін таңғажайып оқиғалар қатысушысы болып, ертегі үздік ұстазға және басқа елдер, халықтар, ұлттық ғұрыптар, салт-дәстүрлер, киімдер, аңыздар туралы жана білім алудың саркылмас қайнарына айналады. Бала шақтан ертегілерді зерделеу халық шығармашылығына деген қызығушылыққа, басқа ұлт адамдарын құрметтеуге тәрбиелейді, оқуға деген ынтыан, өздігінен жетілдіруді дамытады.

Ертегілер — балалар суреттерінің ең танымал сюжеті; балалар ешбір тапсырмасыз-ақ өздерінің сүйікті батырларын және кейіпкерлерінін суреттерін салғанды ұнатады. Әр бала сүйікті ертегісін өзі иллюстрациялаған кітабының болуы туралы армандауы мүмкін.Балалар жұмыстарын бағалауда ұлттық тұрмыс, киімдер, дәстүрлер детальдарын көрсеткеніне ерекше назар аударылатын болады. Байқау жас суретшілер үшін қызықты да танымды болмақ.

5. Байқауға қатысушылар

- 5.1. Байқауға қатысуға 5-16 жас арасындағы балалар мен жасөспірімдер жіберіледі.
- 5.2. Әрбір қатысушыдан 2 жұмыс қабылданады:
1. Қазақ ертегісіне иллюстрация;
 2. Қазақстан халықтарының ертегілеріне иллюстрация.

6. Байқауды ұйымдастырудың және өткізудің тәртібі

- 6.1. Байқау 2020 жылғы 1 қыркүйектен 2020 жылғы 31 қазанға дейін жалғасады.
- 6.2. Байқауға жұмыстар электрондық түрде жіберіледі.
- 6.3. Әділқазылар 2-16 қараша аралығында жұмыс істейді.
- 6.4. Қорытындысы 16 қарашада жарияланады.
- 6.5. Дипломдар мен сертификаттар байқау жұмыстары алынған электрондық мекенжайларға жіберілетін болады.

7. Байқауға қабылданатын жұмыстарға қойылатын техникалық талаптар

- 7.1. Суреттер «Қазақстан халықтарының ертегілері» белгісімен skazki_kz@mail.ru электрондық поштасына жіберіледі
- 7.2. Жұмыстар JPEG форматында сканерленген түрде жіберілуі тиіс. Ұсынылатын көлемі 2Mb артық емес, файлдың атауы арнайы символдар және тыныс белгілерінсіз әріптер мен сандардан тұруы тиіс.

8. Жұмыстарды бағалау критерийлері

- 8.1. Тақырыпты ашуға шығармашылық тұрғыда келу, ойдың жекелігі және тереңдігі;
- 8.2. Шығармашылық орындау, ойды жеткізу үшін иллюстрациялық мәнерлеу құралдарын қолдана білу (*сызық, дақ, штрих, құрылысы т.б.*);
- 8.3. Таңдап алынған елдің ертегілеріне иллюстрация жасауда ұлттық тұрмыс, киімдер, дәстүрлер детальдарына зейін қою.

9. Ақпараттық серіктес

- 9.1. Jas Qazaq республикалық газеті (*Алматы қ.*)



Көне Түркістан қаласының маңынан археологтар көруен сарайы мен мектептің орнын анықтады. Ал қыш бұйымдарын жасайтын орынның табылуы – нағыз сенсация!

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейінің ғылыми қызметкері, археолог Марат Тұяқбаевтың айтуынша, көне Түркістаннан табылған тарихи нысандар XVIII-XIX ғасырларға тән. Ол: «Зерттеу жұмыстары кезінде алғашқы мектеп табылды. Мектеп ауласы ұлдар мен қыздарға арналып, екіге бөлінген. Йассауи кесенесі аумағында орналасқан қыш бұйымдарын шығарған үлкен кешенде саз илейтін, ыдыс-аяқ жасайтын, кептіретін, күйдіретін, сақтайтын орындардың барлығы қарастырылған», — дейді.

«Әзірет Сұлтан» мемлекеттік тарихи-мәдени қорық-музейі аумағынан әлі де талай жәдігердің табылары анық. Мұндағы зерттеу жұмыстары көптеген тарихи жұмбақтың сырын ашуды көздейді.

Мақпал
НОҒАЙБАЕВА



Бас редактор — директор Срайыл СМАЙЫЛ

Редакция алкасы:

Жарас КЕМЕЛЖАН жауапты хатшы

Ғалия ҚАЛИЕВА
компьютер орталығының жетекшісі

Тілшілер мен қызметкерлер:

Мақпал НОҒАЙБАЕВА — *арнаулы тілші*

Әбдіманап КЕНЕС — *жастар және ғылым*

Кәмшат ТӨЛЕШОВА — *терімші*

Айдос ҚҰСАЙЫНҰЛЫ — *web-sait*

Аймақтағы меншікті тілшілер:

Байкен КӨБЕЕВ —
Ақмола және Солтүстік Қазақстан облыстары (8 778 910 45 34)

Қажет АНДАС — Алматы облысы (8 747 706 13 82)

Баян ЖАНҰЗАКОВА — Атырау облысы (8 702 426 69 05)

Мәриям АЙТБАЙ —
Шымкент қаласы

Ернұр КЕНЖЕБАЙ — шолушы

Ұлдай САРИЕВА — Батыс Қазақстан облысы (8 705 150 48 30)

Кезекші редактор
Мақпал НОҒАЙБАЕВА

Шығарушы:

«Аманат Медиа» ЖШС

Директордың

орынбасары

Мейрамбек

ҚҰЛМУХАМЕДОВ

Бас есепші

Расима

ӘКІМБЕКОВА

Газет 2004 жылы 14 желтоқсанда тіркелген.

2020 жылдың 19 ақпанында ҚР Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде қайта есепке тұрып, № KZ23VPY00020470 куәлігін алды.

Мақала авторының пікірі редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мәтініне тапсырыс беруші жауапты.

Газетте жарияланған материалдар мен суреттерді сілтемесіз көшіріп басуға болмайды.